

ӨОЖ 28:1:33

Ж.Ж. Молдабеков*, С.К. Тұрғанбеков

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ

*E-mail: moldabekov43@mail.ru

Қазақстандағы ислам дінінің идеологиялық өрісі

Аңдатпа. Мақалада Қазақстан қоғамындағы ислам мәдениетінің жаңғыру үрдісіндегі өзекті мәселелері, діннің идеологиялық қызметі мен ағартушылық жұмыстары қарастырылады. Ислам дінінен дәстүрлі мәдениеттің нәр алуы, казактану мен түркітанудың бастауларын ұштастыру мәселесі көтерілді. Авторлар ислам дінінің идеологиялық қызметіндегі түрлі келеңсіз жағдайларды ой елегінен өткізіп, нәтижесінде исламтанудың еліміздегі жетіспеушілігін атайды. Қауіпсіздік шараларын ұйымдастырудың қызметтерін ұсынып, ХХІ ғасыр сенімі мен үмітіне сипаттама береді.

Түйін сөздер: дін, ислам, идеология, мәдениет, ағартушылық.

Қазақстан Республикасындағы кезек күттірмейтін өзекті мәселелердің бірі – дін. Дін – адам жан дүниесі мен моральдің өтімді көрінісі әрі құралы. Бұл мәселелер тек бір мемлекеттің төңірегінде ғана емес, әлемнің көптеген елдерінде шешімін таппай жатыр. Соның ішінде тұрғындарының 70% өздерін мұсылмандармыз деп санайтын Қазақстанда ислам діні және онымен сабақтасып жатырған исламдық түрлі ағымдардың келеңсіз әрекеттері байқалуда. Мемлекетіміз діни құндылықтарды қорғайды әрі жастарды жалған діни топтар мен ағымдардың ықпалынан қорғаудың тиімді тетіктерін қарастыруда. Қоғамның, діннің және мемлекеттің түбегейлі құндылықтарын сабақтастыруға үлкен мән беруде [1].

Осыған орай Қазақстан Республикасы 2011 жылы «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» заңды қабылдады, жаңаша жаңғыртты; 2011-2012 жж. құрамында 57 мемлекет бар Ислам конференциясы ұйымына (ИКҰ) төрағалық етуде. Мамыр айында Астанада әлемдік және дәстүрлі діни ұйымдары жетекшілерінің ІҮ форумы өтпек [2]. Қазақстан адамзат құндылықтары мен мұсылман мәдениетінің рухани байлығын жаңғыртуға күш салуда, рухани байлықты бейбіт өмірмен, келісімді ынтымақтың мәртебесін көтерудің нақты жолдарын көрсетуде.

Әлемдік дағдарыс жан күйзелісін, адам сенделуін, алуан пенделікті үдетуде. Дағдарысты біреулер әлеуметтік-экономикалық қиындықтан, енді біреулері – түрлі құндылықтар тоғысынан, үшіншілері – көші-қоныс пен кедейшіліктің

асқындауынан іздейді. Бәрінің де орын алып жатқаны рас. Шешімін таппаған мұндай өмірлік қайшылықта іштей күйзелу асқындамаса, басылмайтынын қазіргі заман тағы да айғақтауда. Іштей мүжілген адам күнделікті қиындыққа төтеп бере алмайды, өзін қысымдайтын үстемдерге жалтақтайды. Жан күйзелісі ішкі мешеулікті үдетеді. Онда өз басын еркін алып жүргізетін немесе бас біріктіретін қуат кемшін. Қуаты кемшінде жалтақтық, көнбістік, іштей тұйықталу белең алады. Психологиялық кереғарлық адам әрекетін белінен мағайды. Бәрі де мешеуілдікке итермелейтін инерттілік иірімі. Оның әлеуметтік дерті мен қаупі біртіндеп қозуда. Іштей морыған екіұшты жан объективті мүддені ескермейді, қажеттіліктің адами мәнісін айқындауға діті мен ынта-ықпалын тоғыстыра алмайды.

Әлем халықаралық және ұлттық деңгейде жаңғыруда. Халықаралық және ұлттық аяда іргелі, ортақ мақсат-мұрат үшін әлеуметтік қауымдас күштерді топтастыру, олардың төрт бірдей басты мұраттарын үйлестірімек әрекеттер артуда. Олар – өмір сүретін ортаны жаңғыртатын құралдық мүддені, білім мен қабілет-қасиетті сабақтайтын әрі жаңа деңгейге тасымалдайтын информациялық мүддені, басқа адамдарды қажетті іс-әрекетке тартатын коммуникативті мүддені, бірлескен қимыл-әрекеттің тәртібін қалыптастыратын, реттейтін және басқаратын ұйымдастыру мүддесін бір-бірімен ұштастыру, өзара толықтыру [3].

Қазақстан адамзаттық мүдденің түрлерін мәдени мұрамен үйлестіретін құралдық,

информациялық, коммуникативті, ұйымдастыру деңгейлерін кеңінен қолдануға және оларды қоғамдық қатынастардың құрамына енгізуге сүбелі үлесін қосуда. Президенттік саясаттың арқауын қос ұстаным – исламды жетекші дін ретінде қалыптастыру және дінаралық сұхбатты ынтымақ құралына айналдыру құрайды. Шынайы саясат барысында ислам мәдениеті діни институт ретінде Республикамызда гегемондық орын алуда; оның идеологиялық қызметтері тәрбие мен қарым-қатынас аясында нақты жұмыстарды жандандыруда.

Бүгінгі діни практикада исламды білім ретінде қарастыруға, сол білім тұрғысынан насихат пен ағартушылық жұмысын жүргізуге айрықша мән беріледі. Бұл ойлар халықаралық деңгейдегі екі мәртебелі отырыста қайталанды. Айтпағымыз 16 сәуірде болған «Қазақ жерінің ортағасырлық ғұламалары және олардың ислам өркениетіндегі орны» және 19 сәуірде Турцияның төрт университетінен келген 12 ғалым-теологтармен дінтану және мәдениеттану кафедрасының инициативасымен өткен халықаралық кездесу еді. Мұнда ислам мәдениетін зерттеуде ислам дінін, ол туралы білімді насихаттау ағартушылық жұмысының басты нысанына айналып отырғаны баса айтылды. Ислам діні туралы көзқарастарға не жетіспейді?

Біріншіден, ислам туралы парасаттық түсінік, екіншіден, исламды рухани мәдениеттің түптамыры ретінде қабылдайтын гуманистік дәстүр. Парасатты түсінік дінді мәдениеттің құрамдас бөлімі ретінде қарастыратын мүмкіндік пен кеңістікті кеңейту жолын реттейді, оларға қызмет етуді сыни тұрғыдан іріктейді. Парасатты түсінік дінді бұрмалауға ашық бармайды. Өзін-өзі сыйлайтын адам кісілік қасиетті құдіреттей құрметтейді, ойдағы құдіретке сенеді. Адамның құдіретке жақын күш-қуатын биік тұтады. Мұндай тұлғалық ширақтықтың тұтастығы, біріншіден, дін мен мәдениет тоғысында, олардың философиялық аясында, екіншіден, гуманистік, тарихи, рационалистік дәстүрдің шеңберінде өріс алады [4].

Ислам діні, ол туралы түсініктер қашаннан бері мешіттерде уағыздалады. Сонда мұсылмандық ағартушылық тәжірибесінің деңгейі қандай деген сауал тілге оралады. Мешіттердің діни ағартушылық тәжірибесі бірдей емес. Мұсылмандық ағартушылықты елдің мәдени сипатымен, ұлттық дәстүрдің ерекшелігімен ұштастыру мәселелері ғылыми талдаусыз қалауда.

Діни тәжірибенің идеологиялық өлшемі анықталып жатпағасын, дәстүрлі дін аясында түрлі ағымдар тынымсыз іс-шарасын жүргізуде. Қазақстанда ислам дінін өзінше уағыздайтын 40-тан астам ағымдар өзара жарысып жатқандай. Қазақстандықтар осыншама мұсылмандық ағымдарға селқос қарайды. Расында, осыншама ағымдар не үшін, кімге керек? Қалың жұрт жіктелудің салдарын құптамаса да, себебін біле бермейді.

Расында, діни институттардың тәжірибесі біздің республикада ғана емес, әлемдік деңгейде талдау жүйесін таппаған өзекті мәселелер санатына жатады. Осыдан мешіттер мен шіркеу тәжірибесінің тиімділік дәрежесін анықтап көріңіз. Діни ағартушылықты салыстырмалы түрде тұжырымдап, оның рухани өлшемі мен деңгейін басшылыққа алатын кез келді.

Ағартушылық бағыттағы тәжірибені рухани деңгейге көтеру қажеттігі артауда. Руханилық бастама исламды мәдениет түріне айналдыру мүмкіндіктерін және оның ғылыми негіздерін жүйелі қарастыруға ұйытқы. Ислам мәдениеті нақты адамның жан дүниесіне жақын тәсілдерді қолдану өнерін жетілдіреді. Ислам қоғамдық өмірдің сұранысымен, талаптарымен іштей сұхбаттасу шеңберін кеңейтеді.

Халықаралық деңгейде Қазақстанның өз мақсат-міндеттері іріктелуде. Солардың қатарында – өркениетаралық, қауіпсіздік өлшемі, экономикалық, ғылыми-техникалық, экологиялық, мәдени-гуманитарлық т.б. мәселелер, олардың мәдени астарлары.

Ислам әлемі географиялық, саяси-экономикалық, мәдени, әлеуметтік байланыстармен қатар өз ықпалын халықаралық деңгейде нығайтуда. Оның діни тәжірибесі сол елдің саяси, әлеуметтік және идеологиялық жағдайына бейімделеді әрі сүйенеді. Әйтседе, қоғамдағы діни қатынастар мен адамның діни санасы әрдайым бір-бірімен үйлесе бермеуде; діни дүниетанымның бүгінгі таңдағы құрылымы мен діни құбылыстың эволюциясы қатар қарастырылмауда. Ислам дініне қатысты теріс көзқарастар мен кереғар үрдістер әлемдік деңгейде экстремизм, терроризм ұғымдарымен ұласып жатыр. Дәстүрлі діннің дінгегі үйлес болса да, демеушілері әрқалай. Үстем саясаттың алпауыт күштері дінге сенушілер, соның ішінде мұсылмандар арасында түрлі қақтығыстар мен алауыздақтарды үдетуде. Әлемдегі жан түршіктірер жайды есіткенде, көргенде діни дүниетанымның басты қағидалары қалай

қабылданады, ендігі қандай қолдау табады деген күдіктер ойға оралады. Арпалысы мен өзара тартысы күшейіп келе жатқан бұл заманда исламның рөлі қандай деңгейде қалыптасуда және бағалануда? деген сауал еске оралады.

Десекте, исламды түрлі мағынада түсінушілік орын алуда. Ислам мәдениетін осы уақытқа дейін елімізде тек біржақты діни идеологиялық, тарихи арабистикалық, дінтану тұрғысынан зерттелінсе, ендігі бұл дәстүр қаншалықты баз қалпын сақтай алмақ? Республикалық ғылыми-зерттеу орталықтарының атқарып жатқан жұмыстары қаншалықты ғылыми айналымға еніп жатыр? Көптің көкейінен шықпайтын өзекті мәселелер.

Расында, ислам дінінің мәдени негізі қандай болуы керек, қандай болуы мүмкін? Исламнан ұлттық мәдениет қалай нәр алады? Бұл мәселелерді жалаң идеялық тұрғыдан немесе үгіт-насихаттық деңгейде дұрыс, дәйекті, тұтас ұғына алмаймыз. Содан да болар, жағымды философияда діни ілімнің ұғымдары мен қағидаларын анық талдатқызатын және оларды тұтас бір жүйеге келтіретін құрал ретінде қабылдаушылық та, соған деген сұраныста арту да. Дәстүрлі діндердің қайсысын қарастырмалық, олардың құрамында түрлі ағымдардың қатар қызмет атқарып жатқаны мәлім [5]. Көп салалы діни ұстанымдарға синтетикалық және әдістемелі функциялар, бір сөзбен айтқанда, исламтану жетіспейді.

Өкінішке орай, исламтану пәнін қалыптастыру ізденістері, жасау жұмыстары әзірге назардан тыс қалып қойған. Оны қалай түсіндіруге болады? Қазіргі қазақстандық ғылыми-зерттеулер жұмыстарында ислам діні аясындағы түрлі дәстүрлі және дәстүрлі емес (ислам діні бойынша табиғишылар, нақшбандишілер, салафилер, сопы-зікіршілер т.б.) ағымдарды сараптау және оларға қысқаша түсініктеме берілуде. Бірақ ондай ағымдардың еркін тыныстап жүргенін және оның кейбір мүшелерінің заңға қайшы әрекеттері барысында құрықталып жатқанын білсекте, оларға ықпал ету жүйесі мен тетіктерін қалыптастыра алмаудамыз. Қиыншылық аяқтан тартып жатса да, исламтанудағы теологиялық бағыт пен дәстүрді философиялық, әдістемелі, рухани мазмұнмен толықтыру жолдары салмақ, кәсіби түрде жүзеге асырудан кенже қалуда.

Исламтанудың философия, психология, құқық, экология және т.б. ғылым салаларымен, сондай-ақ түркітану және қазақтану идеяларымен тамыры терең, түптес. Олардың

дүниетанымдық және адами негіздері қомақты әрі үйлес. Үйлестік деп нені айтпақпыз? Исламтану а) дінтану мен ұлттық өмір салт арасындағы өзара тасымалдау үрдісін қарастырады, б) жаңа заман қажеті мен талабын рухани деңгейге лайықты тілмен, ұғымдармен түсіндіруге, уағыздауға бейім. Бұл ереже исламтанудың тұйықталып қалмайтындығын білдіреді.

Тарих қойнауына үңілетін болсақ, ислам дінінің қалыптасуы мәдениеті алтын ғасыр дәуірінде орнады. Ислам дәуірі аясында қалыптасқан Әл-Кинди, әл-Фараби, Ибн-Сина, Ибн-Рушд т.б. сынды шығыстың көптеген сөнбес жұлдыздары адамзаттық құндылықтың тамырын тереңдетті және оларды халықтық мәдениеттің жетістіктерімен толықтырды. Десекте, рухани-мәдени өрлеу ортағасырдың соңында шектелгені тарихтан мәлім. Ислам мәдениетінің алтын ғасырлары тарихи құбылыс ретінде халық жадында ақмаржандай сақталып қалды. Айтпағымыз, дәл сол әлеуметті тоқырау мен діни тұтастық аясы мен арақатынасында әлемдік өркениетаралық сәттер орнап жатты және мәдениеттің деңгейін анықтайтын шешуші бағдарлар өзгерді. Ислам мәдениетінің алтын ғасырларының сарқылып қалуына қандай факторлар ықпал етті деген сауал исламтанушы ғалымдарды қазіргі уақытқа дейін ойландырады. Әрине жауап біржақты және нақты бола қоймас. Ізденіске аясы кең ғылыми дәлелдер мен зерттеулер қажет.

Ислам мәдениетінің, дінінің, білімінің соңғы орта ғасырлардағы өзгерісі мен өрісінің, бағдарларының ауысуында тоқырау сипат алды деп біржақты пайымдау қате болар, себебі аталмыш факторлардың қазіргі заманға дейінгі коммуникативті қызметін тиімді әрі толыққанды атқарып келе жатқанын және қазіргі әлем көтеріп отырған өзекті мәселеге айналғанын дәлелдеу қиын емес. Бірақ ислам мәдениетінің, дінінің, білімінің қазіргі замандағы немесе оның алтын ғасырларымен салыстырғандағы деңгейі қандай? Елбасымыз Н. Назарбаев Ислам Ғылымдарының Ұйымының конференциясында жасаған баяндамасында мұсылмандар арасынан ғылымда Нобель сыйлығын алғандардың жоқтығын айта келіп, ғылыми жаңғыруға үндегені белгілі. Бұл ислам әлеміндегі жаңғырудың қажеттігін көрсететін ірі пайымдау болды және кездейсоқ айтылмады деп ойлаймыз.

Қазақстан тәуелсіз алған жылдардан бері дін мәселесі, оның құрамдас бөлігі ислам діні тұтас шешуін таппай келе жатырғаны айғақ. Соңғы

жылдары елімізде ислам дініне байланысты біршама өзгерістер байқалып келеді. Жоғарыда атап өткеніміздей Қазақстан Республикасының «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» Заңына сәйкес Қазақстан мұсылмандарының кезектен тыс VI құрылтайында еліміздегі ислам дінінің тарихи ерекшелігін ескере отырып, сүнни бағытындағы Әбу Ханифа мәзһабы бойынша насихаттауды қамтамасыз ететін Жарғы енгізілді. «Онда Исламның ханафиттік бағыты ел мұсылмандары үшін дәстүрлі ұстаным ретінде танылған. Ендігі жерде ел аумағындағы барлық мешіттерде бүкіл діни рәсімдер де, құлшылықтар да осыған сәйкес жүргізіліп, өткізілуі тиіс. Мұнан өзгенің бәрі дін жөніндегі жаңа заңға қайшы, яғни оны бұзушылық болып табылады. Демек, жаңа заң ел бірлігі мен ынтымағын, достығы мен ұйымшылдығын сақтап, оны одан ары күшейте түсуге қызмет етеді. Тағы да айтамын: дінге байланысты соңғы заңда Қазақстан мұсылмандарының осы мәзһабпен амал жасайтыны шегелеп көрсетілген», – дейді Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының төрағасы, Бас мұфти, шейх Әбсаттар қажы Дербісәлі өзінің берген сұхбатында [6, 9 б.]. Бұдан байқайтынымыз, 1) ханафи мәзһабының тарихи сабақтастығы; 2) ел азаматтарының осы мәзһабқа қарай ығысуы, қабылдауы; 3) оның заңдастырылуы және заңды күшіне енуі, жүзеге асырылуы.

Ислам дініндегі мәзһабтардың қалыптасуы, түрлі ағымдардың дүниеге келуі т.б. барлығының себептері мен салдарларын түсіндіруде исламтанушы ғалымдардың пікірлері бір жерден шыға бермейді. Оған ғылыми арқау болатын негіздер баршылық, бірақ жан-жақты талдауды қажет етеді. Мәселен, исламдағы көппікірлік пен жікке бөлінуді бір ғалымдар Мұхаммед пайғамбардың өлімінен кейінгі жаппай алған үрдіс десе, екіншілері, Құран аяттарымен түсіндіріп бағуда, үшіншілері, әр кезеңнің әртүрлі әлеуметтік-саяси мотивтерімен байланыстырады т.б. [7, 90-91 бб.]. Жалпы абстрақтылы тұрғыдан қарастырсақ, мұндай үрдістерді, тәжірибелерді христиан діні де тарихтан басынан өткергені мәлім. Мүмкін рухани сабақтастықты басқа сипатта болды деушілер табылар, бірақ оның іргетастарының бірі болған және одан қайнар бастауларын алатын батыс мәдениеті қандай күрбелең дәрежеге жеткенін ұмытпағанымыз жөн.

Қоғамдық пікірлердің кейбір дыбыстары казак түркілерден бастау алады деп жаңғырып жүр. Осыған сәйкес түркілік құндылықтарды қайта

жаңғырту мәселелері ел шеңберінде ғана емес, халықаралық деңгейде түркі жұртшылығынан бастама алып жатыр. Оның ішіне наным-сенім де кіріп кететінін ескерсек, түркітану мен исламның бір қазанда біте қайнасуының мазмұны келіп шығады. Бірақ екі ұғымдарды бөле жарып көрсетіп жүргендер бар, оған негіздерде баршылық. Яғни исламның түркілік наным-сенім немесе керісінше бір-бірімен сіңісуі, қабылдауларында қайшылықтар жоқ емес, баршылық. Біздің ойымызша, мұндай ауқымды және стихиялы құбылыстар қоғам санасында орнатылмайды, олар өздігінен қалыптасады және шешімдерін табады. Исламның ел аумағындағы гегемондығын ескерсек, оның казак дәстүріне икемделгенін, онымен шырмалып қалғанын айтуымызға болады.

Мешіттерде діни білім беріліп жатыр, берілген діни білімінің имандылыққа, сабырлыққа, сәнге айналған толеранттық ұғымына бағытталатыны еш күмән туғызбайды. Білімнің түрлері көп, бірақ имандылық білімінің рухани қазынасы, берері қандай, азаматтардың қажеттілігіне қаншалықты қажет, ондай білімнің қажет болуына нендей септіктер туындатуда деген сауалдар көкейді теседі. Әлемдегі мұсылмандар тұратын тұрғындардың 46% сауатсыздар деп айтатын болсақ, еліміздің азаматтарының сауаттылық деңгейі қаншалықты дәрежеде және ондағы имандылық білімінің орны қандай болмақ? Адамға рухани құндылықтардың қажеттігі болса, ол құндылықтарды этиканың бір саласы деп айтуымызға әбден болады. Этикалық құндылықтардың негізінде жауапкершілік, таңдау еркіндігі, бостандық идеясы жатса, оның шарықтау шыңы рационалдық ойлануға әкелетін этика білімінен айқын. Ислам дінін адамның өмір сүру образының бір тәсілі ретінде алатын болсақ, оның этикалық немесе рационалды сипаты елімізде қандай болмақ деген тосын сауал тағы шығады.

Ислам дінінің еліміздегі идеологиялық нышандарын философиялық тұрғыдан ыңғай жасап, жүйелеп, саралайтын болсақ, қоғамымыздағы арнайы ислам дініне қатысты пәнаралық методикалық-практикалық зерттеуді қажет етеді. Әлеуметтану, психология, философия т.б. сынды гуманитарлы ғылым салаларында еліміздегі ислам дінінің мәні мен мазмұнын зерттеу кенже қалғанын еске салдық. Сондықтан қазіргі фундаменталды еңбектеріміздің тәжірибелік-практикалық маңызынан гөрі, теориялық-интуициялық нышаны басымдау екені шындық.

Еліміздегі исламдық т.б. діни ағымдардың тұтастығын ұйымдастыруда және қауіпсіздік шараларын алдын алуда: әлеуметтік ахуалды көтеру, оның психологиялық алғышарттарын анықтау, миграция мәселесі мен итернет желісін құқықтық негізде реттеу, түзету абзал. Әлеуметтік мұқтаждыққа лайықты исламның идеологиялық қызметін жаңғырту, толықтыру – өркениеттілік талабынан туындайтын міндеттер. Олар – дін практикасында діни дәстүрдің заңдастырылған және институционалды құрылыммен қамтылған еркін сенімді орнату; конфессиялар қызметтерін тең және тиімді жағдайларды қалыптастыру барысында жүзеге асыру; конфессияаралық сұхбаттастықты ынталандыру.

Мұндай діни ағартушылық жұмыстардың жүргізілуі және талдануы исламның немесе наным-сенімнің ХХІ ғасырға бейімделуі және жаңаруы болып табылады. Ендеше еліміздегі заман сенімінің сипаты немесе мазмұнын анықтау қажет. Сенім ағартушылығы болса, ол тек діни үрдісте ғана болуы шартты емес. Күмәнді – үміт, үмітті – сенім оятатыны даусыз. Діни сенімнің өзіндік ұғымдары мен түсініктері болғандай ХХІ ғасыр сенімінің де өз түсініктері бар. Олар шығармашылық, жаңашылдық, прогресс т.б. тізіп айтсақ, олардың ескі сенім институттарына альтернативті ұғымдар екені белгілі. ХХІ ғасыр теологы немесе сенуші адамы өзін діндар деп

есептемеуі де мүмкін, бірақ оның сенімге деген бағдарының болашағы берік. Ол заманауи активті, шығармашыл және өзгенің таңдау еркіне құрметтілікпен қарауы тиіс.

Әдебиеттер

- 1 Тұрақтылық. Бірлік. Жаңғыру. Елбасы Н. Назарбаевтың Қазақстан халқы Ассамблеясының ХІХ сессиясында сөйлеген сөзі // Егемен Қазақстан. – 28 сәуір 2012 ж.
- 2 Председательство Казахстана в Организации «Исламская конференция» в 2011-2012 гг.: Сборник материалов / Отв. ред. Б.К. Султанов. – Алматы: КИСИ при Президенте Республики Казахстан, 2011. – 128 с.
- 3 Момджян К.Х. К вопросу о типологии социальных групп // Вопросы философии. – 2012. – №1. – С. 41.
- 4 Межуев В.М. История, цивилизация, культура: опыт философского исследования. – СПб.: СПб ГУП, 2011. – С. 227-228.
- 5 Кирабаев Н. О философских основаниях мусульманской культуры // АМАНАТ. – 2011. – №3. – С. 178.
- 6 Егемен Қазақстан. – 20 сәуір 2012 жыл.
- 7 Қазақстан спектр 2012/2. – Алматы: КИСИ при Президенте Республики Казахстан, 2012.

Ж.Ж. Молдабеков, С.К. Турганбеков

Развитие исламской религиозной идеологии в Казахстане

В статье рассматриваются актуальные проблемы модернизации исламской культуры, идеологические функции религии в современном обществе и усиления просветительской работы в Казахстане. Авторы раскрывают духовно-религиозные истоки исламской традиции, роль тюркологии и традиционной казахской культуры в них. Отмечается, что незнание природы и предназначения исламоведения нередко ведет к неблагоприятным обстоятельствам в религиозной идеологии и к ослаблению национальной безопасности; поведение людей ХХІ в. все больше определяется соотношением веры и знания.

Ключевые слова: религия, ислам, идеология, культура, просвещение.

Zh.Zh. Moldabekov, S.K. Turganbekov

Development of Islam religious ideology is in Kazakhstan

In the article the issues of modernization of Islamic culture, ideological functions of religion in modern society and strengthening of elucidative work in Kazakhstan are examined. Authors reveal the spiritual-religious bases of Islamic tradition, negative circumstances of religious ideology and offer the functions of safety. Gives short-story description to the faith of ХХІ ch.

Keywords: religion, islam, ideology, culture, enlightenment.